

Ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер

Бала тәрбиесінде жиі кездесетін олқылықтар

Егер балаңыз тым тұйық әрі өтірікті көп айтатын болса, онда сіз балаңыздың әрбі қателігі үшін қатаң жаза қолданып, оның өткен қателіктерін жиі есіне салатын болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз қызғаншақ болса, онда сіз оны қатарластарымен жиі салыстыратын болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз сізге жиі өкпелесе және жағдайдың көлеңкелі жағын ғана көруге бейім болса, онда сіз балаңызды оның жетістіктері үшін лайықты түрде мақтамаған болуыңыз әрі оның кемшіліктерін ғана байқап жүрген болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз өзге ортада қымсынып, ойын дұрыс жеткізе алмаса, демек сіз оны бөтен адамдардың көзінше көп сөгетін болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз қорқақ болса, онда сіз оны шектен тыс қорғаштайтын және оған кішігірім қиындықтардан өзіңіздің көмегіңізсіз өтуіне мүмкіндік бермейтін болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз уайымдауға жақын болса, яғни әр қиындықты жүрекпен жақын қабылдаса, онда сіз оған кішкентайынан шамадан тыс қамқорлық танытқан болуыңыз мүмкін. Еш мұқтаждық көрмеген баланың тағдыр соққыларын көтеруі қиын.

Егер балаңыз өзін өзгелерден төмен санайтын болса, онда сіз оған көбіне өздігінен шешім қабылдауына мүмкіндік бермейтін болуыңыз мүмкін.

Егер балаңыз дөрекі мінез көрсетсе, бұл сіздің де, оның да достарының кері әсерінен болуы мүмкін. Алдымен өзіңізді тәрбиелегеніңіз жөн және оның араласатын ортасына көңіл бөліңіз.

Егер балаңыз сізді шамадан тыс мазалай берсе, бұл сіздің оған аз көңіл білдіргеніңізді білдіруі мүмкін.

*Қартайған шағыңызда балаңыздан жақсылық көргіңіз келсе,
сіз одан бүгін жылуыңызды аямаңыз!*